

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1351 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 қарашадағы N 428 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 22 шілдедегі N 99 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3048. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамы арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, "Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастарды реттеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 қарашадағы N 428 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1351 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспасөз басылымдарында 2001 жылғы 1-14 қаңтарда жарияланған), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 31 қаңтардағы N 21 қаулысымен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2200 тіркелген,

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспасөз басылымдарында 2003 жылғы 24 ақпан - 9 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қ а у л ы н ы ң а т а у ы н д а ғ ы :

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің" деген сөздер "Банктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережесінде:

Е р е ж е н і ң а т а у ы н д а ғ ы :

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің" деген сөздер "Банктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Ақша төлемі және аударымы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының соларға сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Осы Ережеде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - банктер) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар) теңгемен корреспонденттік шоттар ашу, жүргізу және жабу ерекшеліктері, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдардың ақша төлемдері мен аударымдарының көлеміне белгіленген лимитті есептеу тәртібі белгіленеді.";

3-тармағындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "Ұлттық Банкпен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармағы мемлекеттік тілдегі мәтінде мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша белгіленбесе, банктер мен банктік емес ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу мен жүргізу құқығы корреспонденттік шоттар ашуға және жүргізуге қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар банктер мен банктік емес ұйымдарда ғана болады.";

6-тармағында мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "Қазақстан Республикасының заңдарына, сонымен бірге Ұлттық Банктің банктерді лицензиялау мәселесін

реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын, "Банктерге" деген сөздерден кейін "және банктік емес ұйымдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармағы алынып тасталсын;

10-тармағының 7) тармақшасындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер алынып тасталсын;

18-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларындағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тарау мынадай мазмұндағы 20-1-тармақпен толықтырылсын:

"20-1. Респондент корреспонденттік шот жабылғаннан кейін бес жұмыс күні өткен соң осы шоттың жабылған күнін көрсете отырып, Ұлттық Банкке хат жібереді.";

21-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Банк және/немесе банктік емес ұйым осы Ереженің 22-тармағында көзделген операцияларды қоспағанда, банктің немесе банктік емес ұйымның және олардың клиенттерінің операциялары бойынша корреспонденттік шоттар арқылы Ұлттық Банк белгілеген лимиттен аспайтын көлемде ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асырады.";

екінші абзацындағы "төлем жүйесі" деген сөздер "төлем жүйелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Лимитті орындау жөніндегі талап Орталықтың төлем жүйелерінің пайдаланушылары болып табылмайтын банктік емес ұйымдарға қолданылмайды.";

22-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Лимиттің шығысына операциялардың мынадай түрлері бойынша ақша төлемдері мен аударымдарының көлемі кірмейді:

1) ағымдағы айда Орталықтың төлем жүйелері арқылы корреспонденттік шотқа/корреспонденттік шоттан қаражат аудару;

2) бір банкте немесе банктік емес ұйымда лоро және ностро корреспонденттік шоттары жөніндегі өзара талаптардың есебі бойынша операциялар.";

23-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Банк және/немесе банктік емес ұйым осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес соның негізінде лимит шығысы есептелетін корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылған ақша төлемдері мен аударымдарының саны мен көлемі туралы мәліметтерді есептік айдан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Ұлттық Банкке тапсырады.

Мәліметтерді тапсыру:

- 1) осы Ереженің 21-1-тармағында көрсетілген банктік емес ұйымдардан;
- 2) осы Ереженің 22-тармағында көзделген операциялар бойынша ақша төлемдері мен аударымдарын жүргізген кезде талап етілмейді.

Корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылатын ақша төлемдері мен аударымдары болмаған кезде, банк және/немесе банктік емес ұйым есептік кезеңде Ұлттық Банкке мұндай ақша төлемдері мен аударымдарының жоқ екендігін хабарлай отырып хат ұсынады.";

1 - қ о с ы м ш а д а :

Қосымшаның атауындағы "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің" деген сөздер "Банктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

Е с е п а й ы р ы с у т ә р т і б і н д е :

1-тармағының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақша төлемдері мен аударымдарын жүргізу";

2 - т а р м а ғ ы н д а ғ ы :

"Респонденттің клиенттерінің пайдасына қолма-қол ақша жинау үшін" деген сөздер "Банктің қолма-қол ақшамен операциялары (ақша есептеу/алу)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "төлемдер" деген сөз "басқа ақша төлемдері мен аударымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

Қосымшаның атауындағы "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің" деген сөздер "Банктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

кестенің атауындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "төлемдер" деген сөз "басқа ақша төлемдері мен аударымдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

К е с т е д е г і :

"Төлем алынған шот" деген сөздер "Ақша төлемі және/немесе аударымы алынған шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Төлем жіберілген шот" деген сөздер "Ақша төлемі және/немесе аударымы жіберілген шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Төлемдердің көлемі" деген сөздер "Ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының көлемі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Төлемдердің саны" деген сөздер "Ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтіндегі Корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылған төлемдердің саны және көлемі туралы мәліметтерді толтыру жөнiндегi е р е ж е д е :

бүкіл мәтін бойынша "төлемдердің" деген сөз "ақша төлемдерінің және аударымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші абзацтардағы "төлем" және "төлемдер" деген сөздер "

ақша төлемі және аударымы" және "ақша төлемдері және аударымдары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы абзацтар мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"5-баған - алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының көлемі (теңгемен). Корреспонденттік шот арқылы алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының сомасы қойылады. Корреспондент осы бағанға сондай-ақ Респонденттің корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған қолма-қол ақшасының сомасын қояды;

6-баған - жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының көлемі (теңгемен). Корреспонденттік шот арқылы жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының сомасы қойылады. Респонденттің өзі осы бағанға сондай-ақ корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған қолма-қол ақшасының сомасын қояды;

7-баған - алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны (бірліктермен). Корреспонденттік шот арқылы алынған ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны қойылады. Корреспондент осы бағанға сондай-ақ Респонденттің корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған ақша аударымдарының санын қояды;

8-баған - жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны (бірліктермен). Корреспонденттік шот арқылы жіберілген ақша төлемдерінің және/немесе аударымдарының саны қойылады. Респонденттің өзі осы бағанға сондай-ақ корреспонденттік шотқа есептеген/корреспонденттік шоттан алған ақша аударымдарының санын қояды;"

3-қосымша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және " Қазақстан Даму банкі" акционерлік қоғамына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау үшін шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Келісілді:

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен
қадағалау жөніндегі агенттігі*

2004 жылғы 29 шілде